**Ескелді ауданы бойынша 2009 жылға арналған бірыңғай салық ставкаларын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2009 жылғы 1 ақпандағы N 20-120 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ескелді ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 11 наурызда N 2-9-77 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2010 жылғы 08 ақпандағы N 36-218 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2010.02.08 N 36-218 Шешімімен

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңының (Қазақстан Республикасы Салық Кодексі) 422-бабын, Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы " Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15-тармақшасына сәйкес, Ескелді ауданы әкімдігінің жанындағы кәсіпкерлік мәселелер жөніндегі сараптамалық кеңесінің 2009 жылғы 30 қаңтарындағы қорытындысын ескере отырып, Ескелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ескелді ауданы бойынша бекітілген базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О. Сәрсеновке жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ескелді аудандық мәслихатының IV шақырылымындағы XX сессиясының*

*төрағасы* *Құлбекова Бижамал Бекенқызы*

*Ескелді аудандық*

*мәслихатының хатшысы* *Тастанбаев Қалабек Тастанбайұлы*

2009 жылғы 1 ақпанындағы Ескелді ауданы бойынша бірыңғай салық ставкаларын белгілеу

туралы N 20-120 шешімінің қосымшасы

## Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері:

| рет N | салық салу объектісінің атауы | тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш) |
|---|---|---|
| 1 | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы | 1 |
| 2 | Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы | 1 |
| 3 | Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер | 1 |
| 4 | Ойын жолы | 5 |
| 5 | Карта | 2 |
| 6 | Бильярд үстелі | 3 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК